

## **Аягөз аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 наурыздағы № 20/149-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 наурызда № 5569 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46- бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Аягөз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қосымшаға сәйкес Аягөз аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,  
Аягөз аудандық  
мәслихат хатшысы*

*С. Искаков*

Аягөз аудандық мәслихатының  
2018 жылғы 15 наурыздағы  
№ 20/ 149-VI шешіміне  
қосымша

## **Күші жойылды деп танылған Аягөз аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің тізбесі**

1) "Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге арналған салық ставкалары туралы және Аягөз ауданы бойынша автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу туралы" Аягөз аудандық мәслихатының 2011 жылғы 22 желтоқсандағы № 01-02/37-7 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-6-149 нөмерімен тіркелген, "Аягөз жаңалықтары" газетінің 2012 жылдың 18 қаңтарында жарияланған);

2) "Тіркелген салық ставкалары туралы" Аягөз аудандық мәслихатының 2011 жылғы 22 желтоқсандағы № 01-02/37-8 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-6-152 нөмерімен тіркелген, "Аягөз жаңалықтары" газетінің 2012 жылдың 25 қаңтарында жарияланған);

3) "Тіркелген салық ставкалары туралы" Аягөз аудандық мәслихатының 2011 жылғы 22 желтоқсандағы № 01-02/37-8 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Аягөз

аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 мамырдағы № 15/101-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2982 нөмірімен тіркелген, "Аягөз жаңалықтары" газетінің 2013 жылдың 13 шілдесінде жарияланған);

4) "Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге арналған салық ставкалары туралы" Аягөз аудандық мәслихатының 2011 жылғы 22 желтоқсандағы № 01-02/37-7 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Аягөз аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 мамырдағы № 25/178-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3386 нөмірімен тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылдың 30 маусымында, "Аягөз жаңалықтары" газетінің 2014 жылдың 5 шілдесінде жарияланған).